

2025 жылғы 18 қарашадағы
«№8 бөбекжайы» КМҚК Қамқоршылық кеңесі отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ (жоспардан тыс)

Қатысты: Шевчук И.С.- ҚК төрағасы, Неред В.В., Исмагулова А., Жапаева А., Изтеулетова Д.К., Кузьменко А.П, Острянина Т.С., Сагитова А.Р., Родякина В.Б., Сергеева Н.А., Әмерсеит Ә.Т., Нусс А.А., Сатыбалдина Г.У., Варлакова М.В., Берсугурова З.К.- меңгеруші, Бимендина Е.Ю.- бухгалтер, Кильтаева А.И.- емдәм бике.

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2026 жылдан бастап мектеп жасына дейінгі балалардың тамақтануына бағаны көтерудің орындылығы туралы түсіндіру жұмысы.
Меңгеруші Берсугурова З.К.

ТЫНДАДЫ

1. Меңгеруші Берсугурова З.К. қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақшада тамақтануды ұйымдастыру қандай принциптерге негізделгенін түсіндірді. Балабақшада 10 күндік мәзір негізінде 5 реттік тамақтану ұйымдастырылған. Бұл апта ішінде тағамдарды дұрыс таратуға, тағамдардың алуан түрлілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің балалар балабақшада таңғы сағат 7.00-ден кешкі 19.00-ге дейін, аптасына бес күн болады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы, дамуы және әл-ауқаты балабақшадағы дұрыс ұйымдастырылған тамақтануға байланысты.

Жеткізушілердің баға ұсыныстары бойынша берілген есептеулерге сәйкес ата - аналық төлем мөлшері: 3 жасқа дейінгі бөбек жас – 20312 теңгені (8%-ға немесе 1607 теңгеге ұлғайту), 3 жастан бастап мектепке дейінгі жас – 24020 теңгені (8% - ға немесе 1931 теңгеге ұлғайту) құрады.

Қамқоршылық кеңесің ШЕШІМІ

1. Бұл ақпаратты әр жас тобындағы WhatsApp топтық чаттарында, ата-аналар жиналыстарында балабақшаға баратын балалардың ата-аналарына жеткізу.

Меңгеруші



Берсугурова З.К.